



Басты бет / Заңнама / Заңнама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 30 маусымдағы
№ 216-V ҚРЗ

← [Қайта оралу](#)

2013 жылғы 9 сәуірде Сингапурда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы [хаттама](#) ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур
Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа
салынатын
салықтарға қатысты қосарланған салық салуды
болдырмау және
салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы
келісімге өзгерістер
мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан

мен толтығырулар енгізу туралы Қазақстан
Республикасының
Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі
арасындағы
хаттама

(2014 жылғы 12 қыркүйекте күшіне енді - Қазақстан
Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2014 ж., №
5, 52-құжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур
Республикасының Үкіметі

2006 жылғы 19 қыркүйекте Сингапурда жасалған Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі
арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты
қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан
жалтаруға жол бермеу туралы **келісімге** (бұдан әрі - Келісім)
өзгерістер енгізу туралы хаттама жасасуға ниет білдіре отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің **2-бабының** 1-тармағында пайдаланылатын
«жергілікті билік органдарының» деген сөздер Келісімнің бүкіл
мәтіні бойынша «орталық немесе жергілікті билік органдарының»
деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап

Келісімнің **25-бабы** мынадай редакцияда жазылсын:
«25-бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы
Келісімнің ережелерін орындау немесе әкімшілендіру немесе
салық салу осы Келісімге қайшы келмейтіндей шамада
Уағдаласушы Мемлекеттердің немесе олардың әкімшілік
бөлімшелерінің, орталық немесе жергілікті билік органдарының
атынан алынатын кез келген түрдегі және сипаттамадағы
салықтарға қатысты ішкі заңнаманы қолдану үшін қажетті
ақпаратпен алмасады. Ақпарат алмасу осы Келісімнің 1 және 2-
баптарымен шектелмейді.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы баптың 1-тармағына сәйкес
алған кез келген ақпарат осы Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі
заңнамасына сәйкес алынған ақпарат сияқты құпия болып
есептеледі және осы баптың 1-тармағында айтылған салықтарға
қатысты бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алумен
немесе сот қудалауымен немесе апелляцияларды қараумен де
және жоғарыда көрсетілгендердің барлығын қадағалаумен де
айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және
әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана хабарланатын болады.
Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін
ғана пайдалана алады. Олар ақпаратты ашық сот отырысы
барысында немесе сот шешімдері қабылданған кезде ашуы
мүмкін.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері
Уағдаласушы Мемлекетке:

а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына
және әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын